



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

ӨЗЕКТІ

Жол қозғалысына жүргізуші жауапты

Көліктің мас күйінде, оның ішінде, басқару құқығынан айырылса да жүргізу, бұл – көбінесе қиын салдарларға алып келетін ереже бұзудың ең ауыр түрінің бірі. Сондықтан, оның жазасы да қатан. Бірақ, соған қарамастан, өзінің ғана емес, өзгенің де өмірін қатерге тігіп, рульге отыратындар бар. Мәселен, өткен жылы облыс бойынша Қылмыстық кодекстің 346-бабы бойынша құзырлы орган сотта қарау үшін 93 қылмыстық істі жолдаған. Бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда алдекайда жоғары. Атап айтқанда, 35 пайызға өскенін көрсетеді статистикалық деректер.



Қолжазба жасаған Ш.Адамбеков

Салтанат ІЛНІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазір автокөлігінің болуы – байлықтың белгісі емес. Ол тек, қатынас құралы. Әр отбасында кем дегенде бір немесе одан да көп автокөлік бар. Дегенмен, көлік құралдарының жоғары қауіп көзі екенін ескерсек, оларды алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде жүргізу – жол қозғалысының өзге де қатысушыларына, оның ішінде балаларға, қарт адамдарға келтіретін қауіп қоғамның негізді алаңдаушылығын туғызады, – дейді Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің ұйымдастыру-талдау бөлімінің бас маманы Жібек Мұхтарова-Зикенова.

Жібек Қайратқызы жоғарыда аталған қылмыстық құқықбұзушылықты анықтау және алдын алуға бағытталған әр түрлі іс-шаралар тұрақты түрде өткізілетініне қарамастан, 2024 жылы Қылмыстық кодекстің 346-бабы бойынша құзырлы органдар сотқа 93 қылмыстық іс жолдағанын айтады. Ал, осы 93 істің 86-сы немесе 92,5

пайызы айыптау үкімін шығарумен аяқталған.

Өткен жылы Қылмыстық кодекстің 346 бабы, яғни, көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын басқаруды осындай адамға беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру бойынша 83 адам бас бостандығынан айырылып, 3 адамның бас бостандығы шектелді. Одан бөлек, осы 86 адамға көлік құралын жүргізу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі қосымша жаза тағайындалды, – дейді Жібек Мұхтарова-Зикенова.

Ал, құқықбұзушылардың жасы 19 бен 60 жас аралығында. Мәселен, 19-20 жас аралығында

– 2, 21-29 жас аралығында – 18, 30-39 жас аралығында – 39, 40-49 жас аралығында – 23 және 50-59 жас аралығында – 4 адам жауапқа тартылғанын айту керек.

Жол қауіпсіздігі көп жағдайда жол қозғалысының әр қатысушысына байланысты. Ал, көліктің мас күйінде жүргізгендер бүгінде жол қозғалысы қауіпсіздігінің ең өзекті мәселесі. Алайда, мас жүргізушілер мәселесін жою тек мемлекеттің ғана емес, қоғамның және әрбір азаматтың бірлескен күш-жігерін қажет етеді. Тек кешенді тәсілдер ғана бұзушылықтар деңгейін төмендетіп, жолдардағы қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік береді, – дейді Жібек Қайратқызы.

Мас күйінде көлік жүргізуге куә әр адам ол туралы дереу тиісті органдарға хабарлауға, ал, құқыққорғау

органдары мұндай сигналдарға жедел ден қойғанда ғана қылмыстың алдын алуға болады. Бұл өз кезегінде тұрғындар арасында жол қозғалысы тәртібін бұзбауға деген әдетті қалыптасырады.

Айта кету керек, 346-баптың санкциясы он жылға дейінгі бас бостандығынан айыруды көздейді. Бұл – екі немесе одан да көп адам өліміне алып келген жағдайларда қолданылатын жаза.

Қазақстанда жүргізушінің қанында 0,5-тен 1,5 промиллеге дейін алкоголь болса, жеңіл дәрежедегі масаю деп танылады. Егер промилле 1,5-тен 2,5-ке дейін болса, бұл – масаюдың орташа деңгейі. Ал, қатты масаю үшін қандағы алкоголь мөлшері 2,5-3,0 промилле болуы керек. Алкоголь мөлшері 0,5 промиллеге жетпесе, адам сау деп есептеледі.

ӘЛЕУМЕТ

Кинотеатр мемлекетке қайтарылды

Қарағанды қаласы тарихының ажырамас бөлігіне айналған Ленин атындағы кинотеатр мемлекет меншігіне қайтарылды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

1960 жылы ашылған кинотеатр Қарағандыдағы алғашқы екі залды кең экранды кинотеатр болған. Ғимарат қаланың мәдени өміріне сән беріп, жоғары деңгейдегі премьералар, фестивальдар мен кинофорумдарға қатысты. Алайда, 1998 жылы нысан тарихи-мәдени ескерткіштер тізімінен заңсыз шығарылып, кейіннен жекешелендірілген.

Қарағанды облысы прокура-

турасының мәліметінше, Қазыбек би ауданының прокуратурасы жекешелендірудің заңсыздығын сотта дәлелдеу үшін ұзақ және күрделі жұмыс жүргізді. Сот бірнеше айға созылды. Бұзушылықтар туралы ұсынылған дәлелдердің арқасында сот кинотеатрды мемлекет меншігіне қайтару туралы шешім қабылдады.

Алдағы уақытта кинотеатр қайтадан Қарағандының мәдени өмірінің орталығына және жаңа естеліктер туындайтын орынға айналады.

Пойыздар интернетке қосылады



Заманауи спутниктік технологиялар арқылы пойыздарда интернетке қолжетімділікті қамтамасыз ететін пилоттық жоба іске қосылады. «Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметі мәліметінше, бұл қызмет ең алдымен жолаушылар арасында танымал бағыттардың бірі № 4 «Астана-Алматы» пойызында жүзеге асырылмақ.

Заманауи спутниктік технологияларды пайдаланып, пойыздарда интернет қосу мүмкіндігі жоспарлануда. Бұл жолаушыларға сапар барысында WhatsApp, YouTube секілді қосымшаларды еркін пайдалануға және бейне-мазмұндарды көруге мүмкіндік береді. Алайда, торренттер мен файлдарды жүктеу сайттарына шектеу қойылатын болады. Жобаның техникалық қолдауын Қазақстандағы OneWeb-тің ресми серіктесі Jusan Mobile жүзеге асырады, – дейді компанияның өкілдері.

Интернет қызметімен қатар, жоба аясында жолаушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту және пойыз бригадасының жұмысын оңтайландыру үшін

бірқатар заманауи технологияларды сынақтан өткізу көзделіп отыр. Олардың ішінде, билеттерді жылдам және ыңғайлы тексеруге арналған жолсеріктердің мобильді құрылғылары, вагон-мейрамханаларда қолма-қол ақшасыз төлем жасауға мүмкіндік беретін POS-терминалдар, қауіпсіздік деңгейін арттыру және қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету үшін пойыз басшыларына арналған бейнетіркеуіштер бар. Вагондардағы жағдайды бақылауды күшейту үшін орнатылатын бейнебақылау жүйелері де тексерілетін болады. Пилоттық жоба Қазақстанның өзге бағыттарында ғаламтор қызметін дамытуға ықпал етеді.

Өз тілшімізден

ҚҰҚЫҚ

Бала қауіпсіздігінің қалқаны

Қазақстанның барлық мектептері мен колледждерінде «111» байланыс орталығының QR-кодтары іске қосылды. Бұл орталық отбасы, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғауда құқықтық, ұйымдастырушылық және психологиялық көмек көрсетеді. Өткен жылы «111» байланыс орталығына балалардан 1000-ға жуық өтініш келіп түсті.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Енді «111» нөміріне қоңырау шалу мүмкіндігінен басқа, балалар мен олардың ата-аналары QR-кодтар арқылы сұрау жіберсе болады. Барлық білім беру ұйымдарында, балалар үшін қолжетімді орындарда, сондай-ақ, автобус аядамаларында орналасқан. Аталған жаңалық көмек алудың қолайлылығын арттыруға бағытталған.

Бұрын балаларда байланыс орталығына тек телефон арқылы ғана хабарласуға мүмкіндік болды. Енді QR-кодтар арқылы сұрау жібере алады. Бұл қолдауға жүгіну процесін айтарлықтай жеңілдетіп,

оны неғұрлым ыңғайлы етеді. QR-кодтар қажетті ақпарат пен көмекті жылдам және анонимді алуға, балалардың сауалдары мен мәселелеріне жедел ден қоюға мүмкіндік береді, – деп атап өтті Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова.

Естеріңізге сала кетейік, былтыр Мемлекет басшысы қабылдаған «Әйелдердің құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі» Заң аясында «111» байланыс орталығының қызметі бекітілген.

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»

«Жанам» деген жүрекке от береді

Мемлекет қолдауы «жанамын» деген жүрекке от береді. Әсіресе, өз бизнес жоспарын әбден пісіріп әкелген жастар облыс әкімі грантын иеленеді. Сондай грантты ұтымды пайдаланып, кәсібін өнеміне ашқалы отырған Әйгерім Асылбекова – солардың бірі.

Қасымхан БҰРҚИТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас кәсіпкер Әйгерім Қарағанды облысы әкімінің грантына «халық шығармашылығын жандандырамын» дейді. Ол грант қаражатына «Алтын мұра» кесте студиясын ашуды мақсат еткен.

Студия ашу идеясы кесте тігуге сүйіспеншіліктен туындады. Мен өзімнің осы сүйікті ісім арқылы көркем дүниені жеткіземін. Байырғы дәстүрді сақтап, оған заманауи идея қосып, жаңа туындыларды жарыққа әкелмекшімін. Кесте тігудің тамырында сұлулыққа құштарлық жатыр, – дейді кестеші қыз.

Жаңадан ашылатын студиясын ұлттық бұйым әзірлейтін шеберхана емес, біліктілік арттырып, тәжірибе алмасатын орталық қылуды да ойластырып отыр.

Бірнеше бағытта жұмыс істеуді көздейміз. Киімге қолмен және іс-машинанымен ою-өрнек кестелеп, интерьер заттарын безендіріп, сондай-ақ, үйренгісі келгендер үшін шеберлік сыныптарын өткізу жоспарда бар. Жіп пен матаның өзінен сатылымда мүлдем жоқ бірегей дүние жасауға болады. Студиямызда үйлену тойына арналған ерекше естелік заттар, үйдің сәнін ашатын қолөнер бұй-



ымдарын әзірлейміз, – дейді ол.

Грант иегері алдағы уақытта сапалы өнімнің түр-түрін тігетін, ерекше қолтаңбасы бар шеберлер мен дизайнерлердің басын қосып, команда құрамақшы.

Әйгерімге осы бір ойлағанын іске асыруға облыс әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» жобасы ықпал етті. Былтыр жобаға 407 жас қатысып, олардың 25-і жеңімпаз атанған болатын.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Түйткілді мәселелер талқыланды

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың жұмыс орындарындағы кездесуі жалғасуда. Аймақ басшысы бұл жолы басқарма, ведомство басшыларымен бірге «Қазақстан» шахтасына ат басын тіреді.



Кездесуге кәсіподақ өкілдері, «Qarmet» компаниясының басшылығы қатысты.

– Жыл бойы тұрғындармен кездесулер өткіземін. Бірақ қатысушылар арасында кәсіпорындардың қызметкерлері аз екенін байқадым. Еңбек ұжымдарына келіп, мәселенің бәрін ашық диалог барысында талқылау керек деп шештім. Сіздердің мамандықтарыңыздың тәуекелге толы екенін түсінемін және біздің хәм басшыларыңыздың міндеті – тәуекелдерді барынша азайту. Сондықтан, біз әлеуметтік қорғау, қауіпсіздік және еңбек жағдайын жақсарту шараларын дамытуды жалғастырамыз, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Мемлекеттік еңбек инспекциясы департаментінің басшысы Медеу Ахметов атқарылған жұмыс туралы баяндады. Ал, жұмысшы мамандықтарын қолдау және дамыту шаралары туралы жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Төлеу Мұхтар айтып берді.

«Қазақстан» шахтасында көбінесе Шахтинск өңірінің тұрғындары жұмыс істейді.

Сол себепті, әңгіме негізінен осы аймақты дамыту туралы өрбіді.

Ермағанбет Бөлекпаев Шахтинскіні жылумен жабдықтауды жақсарту үшін жасалып жатқан жұмыстар туралы айтты.

Дерекке сүйенсек, былтыр ЖЭО-ын жөндеуге арналған қаржыландыру бірнеше есеге артқан. Бүгінде станция тұрақты жұмыс істеп тұр. Үйлердің жылы болуы үшін төрт шақырым жылу желісін ауыстырып, жылу окшаулағыштар қалпына келтіріле бастады. Бұдан бөлек, Шахтинск қаласын газдандыруға да дайындық жүргізілуде. Су құбыры желілерін қайта жаңарту жалғасып жатыр. Көлік инфрақұрылымы да жақсарып келеді. Атап айтсақ, соңғы екі жылда қала мен іргелес ауылдардың 30 шақырым жолы жөнделген.

Облыс әкімдігі «Отбасы банкімен» бірлесіп іске қосқан жеңілдікті ипотека бағдарламасы бойынша 116 шахтер мен 113 металлург Қарағанды, Саран, Теміртау, Шахтинск, Абай қалаларынан пәтер сатып алғанын атап өту керек. Облыстық бюджеттен бұл бағдарламаға 2 млрд теңге бөлінген.



Ермағанбет Бөлекпаев компания басшылығын осы бағдарламаға қаржылай қатысуға шақырды.

Ал, «Отбасы банкі» филиалының директоры Бауыржан Жуасбаев жұмысшы мамандарға арналған «Наурыз жұмыскер» жаңа тұрғын үй бағдарламасы туралы кеңінен айтып берді. Бағдарлама 2025 жылдың 17 наурызында басталмақ. Оның артықшылықтары да бар. Мәселен, бастапқы жарна – 10%-дан (әрленген бастапқы нарықтағы тұрғын үй), 20%-дан (жартылай әрленген және қайталама нарықтағы тұрғын үй), мөлшерлеме – әлеуметтік осал санаттар үшін – 7%, қалғандарына – 9%.

Кездесуде Шахтинскідегі абағтандыру, коқыс жинау, жарықтандыру, балалар алаңдарын абағтандыру мәселесіне қатысты қойылған сұрақтарға қала әкімі Мұрат Қыдырғанбеков жауап берді. Танергенті уақытта Шахтинскіде Қарағандыға дейін баратын автобустардың жетіспеушілігіне шағымдар айтылды. Ермағанбет Бөлекпаев шешуді қажет ететін мәселелер бойынша тиісті тапсырмалар берді.

Шахтерлер Шахтинск ауруханасында медициналық қызмет көрсету мәселесін де ортаға салды. Сол себепті, облыс әкімі кездесуден кейін ауруханаға барып, медицина нысанын аралап көрді.

Қазір төртінші және бесінші қабат дайын болса, үшіншісі жартылай дайын. Оны аяқтау биылғы жылдың енісінде. Аурухана директоры Талғат Жүкен жабдықтық жаңартылуымен таныстырды. Мұнда реанимация, операциялық бөлме және жүрек ауруларын диагностикалау үшін жаңа техника алынған.

Ермағанбет Бөлекпаев медицина мамандарының жетіспеушілігі мәселесін шешуді мұқият тапсырды.

Өз тілшімізден Суретті түсірген Жангелді ӘБДИҒАЛЫМ

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Мемлекеттік сатып алу негізі – әділдік

Мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама- ны және құқық қолдану практикасын жетілдіру, оның ішінде отандық биз- нестің оларға толыққанды қолжетімділігін қамтамасыз ету, тиімділік пен ашықтықты арттыру, сыбайлас жемқорлық көріністерін азайту мақсатында оларды өткізуді орталықтандыру арқылы жетілдіру жөнінде шаралар қабыл- дау – Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ілгілік барлығына! Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу» атты сайлауалды бағдарламасы- ның тармақтарының бірі.

Конкурстық рәсімдерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту және рәсім- дерді оңайлату мақсатында мемлекеттік сатып алу туралы заңнама тұрақты негізде жетілдіріледі.

Мемлекеттік сатып алу процесіне адам- ның қатысуын болдырмау үшін 2022 жылғы 1 шілдеден рейтингтік-балдық жүйені пай- далана отырып, конкурстың жаңа тәсілі енгі- зілді.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы конкурстық баға ұсыныстарын және кон- курстық баға ұсынысына әсер ететін өл- шемшарттарды автоматты түрде салысты- рады және жеңімпазды айқындайды. Бұл ретте конкурстық комиссия құрылмайды. Бұл жүйе баға мен сапа критерийлерінің үйлесімімен жеткізушіні автоматты түрде таңдауға қоюға мүмкіндік берді.

2024 жылғы ақпан айынан рей- тингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, «Мемлекеттік сатып алу конкурс тәсілімен жүзеге асырылатын тауарлардың, жұмы- стардың, көрсетілетін қызметтердің тізбесін бекіту туралы» Қаржы министрінің 2022 жылғы 18 қаңтардағы № 46 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар, атап айтқанда, Техникалық қадағалау бойынша инжини- рингтік қызметтер және жобаларды басқа- ру, сатып алу бойынша сатып алулар рей- тингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурс тәсілімен жүзеге асырылады.

2024 жылғы сәуірден бастап келесідей өзгерістер енгізілді: Критерий ретінде теріс мәндерді есептеу тәртібі.

– Рейтингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, конкурс тәсілімен мемлекеттік са- тып алу жүзеге асыру кезінде осындай әлеуетті өнім беруші жеңімпаз болып ай- қындалған қорытындылар туралы әрбір хат- тама үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) алынады.

Ішкі нарықты қорғау мақсатында Қа- зақстан Республикасы Үкіметінің қау- лысымен ұлттық режимнен жеңіл өнеркә- сіптің 1162 тауарына (ҚРК 2024 жылғы 19 ақпандағы №99), машина жасау, химия, металлургия, құрылыс индустриясы, жиһаз өнеркәсібі және азық-түлік тауарлары сала- ларының 2 946 тауарына (ҚРК 2024 жылғы 16 наурыздағы №190 және №191), целлюло- за-қағаз өнеркәсібі бойынша 2 тауарға (2023 жылғы 13 қазандағы № 904 ҚРК) алынды.

Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заң жобасы.

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1

қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында ағымдағы жүйенің проблемасын: ұзақ мерзімдерді, шағымдарды, ашықтықтың жеткіліксіздігін жою үшін мемлекеттік са- тып алуын сапалы жаңа жүйесін енгізу міндеті қойылды.

Жаңа жүйе отандық кәсіпкерлікті одан әрі қолдауды қамтамасыз етуі тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу жүзеге асы- ру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығына сөй- кес мынадай өзгерістер қарастырылған:

– заңнан егжей-тегжейлі нормаларды алып тастау және бүкіл сатып алу процесі ережелер деңгейінде белгіленеді.

– заңнан сатып алуды өткізу мерзім- дерін, сатып алуды өткізудің неғұрлым қысқартылған мерзімдерін, жиі сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер (күнделікті және апта сайынғы қажеттілік) бойынша 3 жыл мерзімге шарт- тар жасасу мүмкіндігін, жеңімпаз шарт жа- сасудан жалтарған не ол шарттық міндетте- мелерді орындамаған жағдайда екінші өнім берушімен шарт жасасу мүмкіндігін регла- менттейтін нормаларды алып тастау.

– адам факторды қоспағанда, сатып алу рәсімдерін барынша автоматтандыру, рей- тингтік-балдық жүйені пайдалана отырып, сатып алуды кең қамту.

– үлгілік техникалық ерекшеліктерді бекіту бойынша заңда Қаржы министрі- нің құзыретін белгілеу, мемлекеттік са- тып алу туралы шарттардың орындалуына қоғамдық мониторингті енгізу, заңда Тапсы- рыс берушінің сатып алынатын тауардың атауын 1000 АЕК-ке дейін көрсету құқығын көздеу (бұрын Заңда көзделген);

– заңда білікті өнім берушілердің рей- тингі арасында сатып алу жүзеге асыру жөніндегі норманы көздеу, баға емес кри- терийлер негізінде рейтингті қалыптастыру жөніндегі тәртіп қағидалар деңгейінде бел- гіленген.

Қарағанды облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы өз өкілеттігі шең- берінде мемлекеттік сатып алуды бірнәғай ұйымдастырушы ретінде мемлекеттік са- тып алуды ұйымдастыруды және өткізуді, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу және елішілік құндылық үлесін дамытуды талда- уды жүзеге асырады.

Қарағанды облысының тапсырыс бе- рушілері 2024 жылғы жалпы сомасы 309 млрд теңгеге 3585 конкурс/аукцион өткізді.

Қарағанды облысының мемлекеттік са-



тып алу басқармасы облыстың мемлекеттік сатып алуын бірнәғай ұйымдастырушысы ретінде 2024 жылы жалпы сомасы 212 млрд теңгеге 1079 конкурс/аукцион өткізді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы- ның 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында 3 жыл ішінде реттелетін сатып алулардағы қа- зақстандық қамтудың үлесін кемінде 60%- ке дейін қамтамасыз ету міндетін қойып отырғанын атап өткізіледі.

2024 жылдың қорытындысы бойын- ша «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде барлық ныса- налы индикаторларға өнеркәсіптің барлық салалары бойынша қол жеткізілген жоқ. Елішілік құндылық үлесін талдау жиһаз, жеңіл, тамақ, химия, фармацевтика, цел- люлоза-қағаз, құрылыс материалдары және машина жасау өнеркәсібінің 8 саласы бой- ынша жүргізіледі.

Деректердің дұрыстығы есептілікті жинау процесін автоматтандыру есебінен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, басқарма тарапынан тұрақты негізде мемлекеттік сатып алу процесін заңнамалық реттеу мәселелері бойынша талдау жүргізіліп, Қазақстан Ре- спубликасы Қаржы министрілігіне заңна- маны жетілдіру жөнінде тиісті ұсыныстар жасалады.

2025 жылы мемлекеттік сатып алу басқармасының жұмысы облыстық бюд- жеттік бағдарламалар әкімшілерінің, аудан- дардың/қалалардың және квазимемлекеттік сектордың мемлекеттік сатып алу талда- уын ұйымдастыруға және жүргізуге, мем- лекеттік сатып алуға елішілік құндылық үлесін талдауға және 2025 жылға белгілен- ген нысаналы индикаторларды орындауға бағдарланатын болады.

Басқарманың қызметі туралы барлық ақпарат сайтта орналастырылған: (https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-goszakup).

Азамат МҰҚАНОВ, Қарағанды облыстық мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

Тұрақтылық дамуды тұғырландырады

«Негізгі саяси реформалар жасалып бітті. Оның бәрі қоғамда жан-жақты талқыланып, ақырында көпшіліктің қолдауына ие болды. Соның арқасында негізгі саяси институттардың бәрі ашық әрі тиімді бола түсті, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік және тежемелік жүйе күшейді, ең бастысы, азаматтардың саяси өмірге белсенді араласу мүмкіндігі едәуір артты».

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ «Ана тілі» газетіне берген сұхбатынан. 2025 жылғы 3 қаңтар

Өткен 2024 жыл Қарағанды об- лысының саяси, әлеуметтік және экономикалық өмірін дамытудағы маңызды кезек болғаны белгілі. Көптеген айтулы оқиғалар, та- бысты жобалар мен бастамалар- ды жүзеге асыру, өңірдің тұрақты нәтижеге қол жеткізуді қамтама- сыз етуде, азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуда және мемле- кеттік органдарға деген сенімді арттыруда бірқатар жүйелі жұ- мыстар атқарылды. Осы тұрғы- да облыстың ішкі саясат басқар- масының жұмысы этносаралық келісімді нығайтуға, халықтың саяси және әлеуметтік белсенділі- гін арттыруға, сондай-ақ негізгі мемлекеттік бастамаларды іске асыруға бағытталды.

Біздің жұмысымыздағы кешенді тәсілдің арқасында біз мемлекеттік және өңірлік деңгейде көптеген маңызды баста- маларды іске асыруға қол жеткіздік. Осы- лайша, 200-ден астам ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Біз бизнес-форумлар- ды өткізуге, өнеркәсіп, оңалту және спорт саласындағы жаңа нысандарды ашуға, кезекте тұрған тұрғындарға баспана та- быстауға, түрлі саладағы озық қызмет- керлерді марапаттауға және тағы басқа қоғамдық шараларға белсенді қатысып, ақпараттық қолдау көрсеттік. Әлеуметтік тұрақтылықтың нығаюы, экономикалық және мәдени байланыстардың дамуы, об- лыстың инфрақұрылымының жақсаруы – атқарылған жұмыстың лайықты нәтижесі болғанын атап өтуге тиіспіз.

2024 жыл Қазақстанның ішкі және халықаралық белсенділігін арттырып, беделін көрсететін маңызды оқиғаларға толы болды. Мемлекет басшысының маңызды бастамаларының ішінде Қоғам- дық даму және азаматтық қоғамды шоғы- рландыру мәселелерін талқылау үшін маңызды тұғырламаға айналған Ұлттық Құрылтайдың үшінші отырысы, Қараған- ды облысы тұрғындарының көпшілігі қолдаған АЭС салу туралы жалпыұлттық референдум, ұлттық энергетикалық қа- үіпсіздікке қатысты шешімдер қабылдауға халықтың қатысуының маңыздылығы, ШЫҰ, ҰҚШҰ, АӨСШК, ХАҚК мен АҚИҰ қоса алғанда, Қазақстанның бір- неше беделді халықаралық ұйымдарға төрағалық етуі, Халықаралық аренада ел- дің позициясын нығайтатын және өңірлік ынтымақтастықты дамытуға ықпал ететін Еуразия халықтары бірлігінің маңызды мәдени оқиғасы мен символына айналған Көшпенділердің дүниежүзілік ойындарын өткізу, Жошы ұлысының нақты құрылы- нына 800 жыл толуы, тарихи тұрғыда маңызды кезек және ұлттық сананы одан әрі нығайтуға себеп болды. Мұның бар- лығы ішкі тұрақтылық пен қарқынды даму нәтижелері арқылы сыртқы саяса- тағы беделімізді өлшем болған айтулы шаралар қатарына толықтырды.

Сонымен қатар, бұл іс-шаралардың маңызды мазмұны халықтың әртүрлі са- нааттары арасында және облыстың көп- теген бейіндік құрылымдарымен тығыз байланыста насихаттау-түсіндіру жұмы- старында көрініс тапты.

Біз республикалық және жергілікті маңызды бар мерейтойлық даталарды ме- рекелеуге ерекше назар аудардық. Көр- некті оқиғалардың қатарында атақты ғал- ым Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы, Ұлы Отан соғысының батырлары Сағадат Нұрмағамбетов пен Рахымжан Қошқар- баевтың 100 жылдығы, сондай-ақ жерле- стеріміз, ҰОС-ның екі белсенді қатысушы – облыс ардагерлері кенесінің тұңғыш төрағасы Қали Әлібекұлы Аманбаев пен «Данқ» орденінің толық кавалері Камали Жұматайұлы Дүйсембековтің ғасырлық мерейтойларын ерекше атауға болады. Тәжірибе көрсеткендей, мұндай іс-ша- ралар өткенді еске алуға, тарихымызды зерттеуге ғана емес, сонымен қатар жастар арасында патриотизм мен азаматтық сана- ны оятуға қызмет етеді.

Біздің қызметіміздің маңызды бағыт- тарының бірі – ақпараттық қолдау және халықпен өзара іс-қимыл бойынша жұ- мыс. 2024 жылы Мемлекет басшысының бастамасымен «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын насихаттау және іске асыру бойынша нақты жұмыстар атқарылды. Облыстық ақпараттық-наси- хаттық топтар халықпен жүйелі кездесу- лер өткізді. Осы топтар мүшелерінің бел- сенділігінің арқасында облыстың барлық өңірлерінде халықтың әртүрлі санапта-



рымен 1,5 мыңнан астам кездесу өткізілді. Олар 200 мыңға жуық адамды қамтыды.

Біздің ақпараттық-насихаттық жұмыс жергілікті билік өкілдерімен әрдайым тығыз қарым-қатынаста, сондай-ақ азаматтармен тікелей байланысты қамтамасыз ететін «Ті- келей эфирлер» және әлеуметтік желілер арқылы өтті. Мәселен, әкімдер мен облыс- тық басқарма басшыларының қатысуымен өткен брифингтер өзекті мәселелерді дер уағында түсіндірудің маңызды құралына айналды. 2024 жылы 205 брифинг өтті. Бұл жергілікті биліктің халыққа ашықтығының жоғары деңгейі деп білеміз.

Ішкі саясат басқармасы жұмысының жарқын бағыттарының бірі азаматтық сек- тор мен саяси партияларды одан әрі қолдау болды. Өткен жылы біз әлеуметтік мәсе- лелерді белсенді шешетін үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен 1000-нан астам іс-шара өткіздік.

Бір жыл ішінде 17 отырыс өткізіп, өңірдің ең өзекті мәселелерін талқылау үшін ашық алаңға айналған облыстың Қоғамдық кеңесінің қызметін ерекше атап өткен жөн.

Саяси салада біздің жұмысымыз облыс тұрғындарының сайлау процесіне және қоғамдық-саяси өмірге белсенді қатысуын қолдау бойынша жүргізілді. Бұған саяси партиялардың жеті филиалының, сондай-ақ Қазақстан халқы Ассамблеясымен жемісті ынтымақтастық жолға қойылған қызметіміз де ықпал етті.

Этносаралық келісімді нығайту ішкі саясат басқармасының маңызды міндеті болып табылатынын атап өткен жөн. 2024 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы ая- сында 88 Ақсақалдар кеңесі, 132 Аналар кеңесі, жастар этномәдени ұйымдары және көпұлтты қоғамда бейбітшілік пен келісімді сақтауға ықпал ететін басқа да құрылымдар белсенді жұмыс істеді. Облыста этномөде- ни байланыстарды дамытуға бағытталған түрлі фестивалдар, конкурстар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Облыста ҚХА барлығы 300 мың адамды қамтыған 1800-ден астам іс-шара өткізілді.

2025 жыл Қазақстан үшін экономика- лық-әлеуметтік даму тұрғысынан одан да жемісті болатынына сенімдіміз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жыл- ды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялады. Бұл қазақстандықтардың еңбек белсенділігін дамытуда, білікті ма- мандарды даярлауда және қолдауда маңыз- ды кезек болатыны сөзсіз.

Ағымдағы жылы өңірде мерейтойлық даталар кеңінен атап өтіледі, олардың ішін- де – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына – 30 жыл, Қазақстан Респу- бликасының Конституциясының қабылдағанына – 30 жыл, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы. Аталған мерейтой- лардың тарихи маңыздылығын ескере оты- рып, ең жоғары деңгейде ұйымдастыруға кызу дайындалып жатырмыз. Бұл оқиғалар, 2025 жылға жоспарланған барлық іс-шара- лар деңгейінде, қазақстандық патриотизмді, облыс тұрғындарының бірегейлігі мен ұй- ымшылдығын нығайтуға бағытталатын бо- лады.

2025 жылғы мақсаттар бізді тың иде- ялар мен жаңа шешімдер іздеуге, жоспар- ланғанды іске асыруға айтарлықтай күш са- луға міндеттейді. Біздің ертенгі күнге деген сеніміміз және жаңа сынақтарға дайын бо- луымыз, белсенді жұмыс үшін оптимистік көзқарас қалыптастырады.

Еліміздің барлық бағыт бойынша қарқынды дамуы және көшелі көрсет- кіштерге қол жеткізуі – ішкі тұрақтылыққа тікелей байланысты. Сондықтан да, біздің басқарма қызметкерлері жауапкершілік жү- гін жан-тәнімен сезіне отырып, бірлік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде негіздел- ген жүйелі жұмыстарын жалғастыра бер- тетін болады.

Нұрлан БИКЕНОВ, Қарағанды облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы

• ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕБІ ҚАРСАҢЫНДА

«Ветеринария адамзатты емдейді»

Қарағанды облысының ветеринария басқармасы қызметінің негізгі міндеттері – халықтың денсаулығын жануарлар мен адамдарға ортақ аурулардан қорғауды ұйымдастыру, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша ветеринариялық іс-шаралар жүргізу.

Былтыр облысымызда ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға бюджеттен 1,860 млрд теңге көлемінде қаражат бөлінді.



Есепті кезеңге арналған ветеринариялық іс-шаралар толық орындалды. Ауыл шаруашылығы жануарларының 14 түрлі аса қауіпті ауруларына (құтыру, сібір жарасы, аусыл, қарасан, оба, жоғары патогенді құс тұмауы, ринопневмония, жылқы сақауы, нодулярлы дерматит, вирустық диарея мен індетті ринотрахеит, шешек, Ньюкасл, туберкулезге алергиялық зерттеу және еткоректілердің дегельминтизациясы) қарсы 5,8 млн вакцина салынып, зертханаға 1,6 млн биологиялық сынама (қан, патологиялық материал) жеткізіліп, зерттелді.

2024 жылғы облыс аумағында бруцеллезге зерттелген 532,8 мың ірі қара малдың 1 527-сі және 850,3 мың қой-ешкінің 43-і ауруға оң нәтиже көрсетті.

2023 жылмен салыстырғанда бруцеллезге оң нәтиже көрсеткен мал саны 631 басқа азайып отыр.

(Анықтама: зерттелген 490,6 мың ІҚМ-дың 2 153-і ауруға оң нәтиже, 786,8 мың қой-ешкінің 48-і оң нәтиже берді).

Ауруларға оң нәтиже көрсеткен жануарлар қолданыстағы Ережелердің талаптарына сәйкес санитарлық союға тапсырылды, мал иелеріне жалпы сомасы 80,8 млн теңгеге өтемақы төленді.

Есепті кезеңде облыс аумағында аса қауіпті аурулардың 6 түрі (қарасан, туберкулез, бруцеллез, жылқы лимфангиті, жылқы тұмауы және ринопневмония) бойынша 17 қолайсыз ошақ тіркелген.

Бүгінгі таңда 16 ошақ сауықтырылып, 1 ошақта сауықтыру шаралары жалғасуда. Жағдай ветеринариялық қызметтің бақылауында.

Сондай-ақ, 2023 жылмен салыстырғанда, жануарлардың аса қауіпті ауруларының қолайсыз ошақтарының тіркелуі де азайып отыр.

(Анықтама: 2023 жылы жануарлардың аса қауіпті ауруларының 9 түрі бой-

ынша 21 қолайсыз ошақ тіркелген).

Бұл өз кезегінде аурудың таралуын ауыздықтау мақсатында атқарылған кешенді іс-шаралар мен карантиндік шектеу шараларының уақытылы қабылдануынан.

Ауыл шаруашылығы жануарлары иелерінің назарын мынаған аударғым келеді: біздің салаға қатысты талаптарды сақтамау эпизоотиялық тұрақтылықтың нашарлауына ғана емес, сонымен қатар, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 406-бабына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа өкеп соқтырады.

Эпизоотияға қарсы ауруларға егілген малды уақытылы есепке алу және алдын алу үшін ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қажет. Бұған 2024 жылы 186 млн теңге бөлінді.

Жалпы облыс бойынша 606,2 мың ауыл шаруашылығы жануарлары (ІҚМ – 149,7 мың, ұсақ мал – 282,4 мың, жылқы – 66,1 мың, шошқа – 107,7 мың, түйе – 282 бас) сәйкестендіріліп, дерекқорға енгізілді. Аудан мен қала сәйкестендіруді жүргізу үшін қажетті атрибуттармен толық қамтамасыз етілді.

Мал қорымдарына тоқталатын болсақ, Қарағанды облысының аумағында эпизоотиядан өлген немесе оның алдын алу тәртібімен алынған ауыл шаруашылығы және үй жануарларының өлекселерін ұзақ уақытқа көмуге арналған 105 орын бар. Бұл – 42 типтік және 63 қарапайым мал қорымдары. Қосымша 18 инсинератор (өлекселерді жағатын пештер) бар, олардың төртеуі – жылжымалы.

Мал қорымдарын ұстауға жөндөлген 105 млн теңге ағымдағы жөндеуге бағытталды. Осы бағдарлама аясында 24 типтік және қарапайым нысанға жөндеу жүргізілді. 2023 жылмен салыстырғанда 16 нысанға көбірек (Анықтама: Абай ауданы – 4, Бұқар жырау ауданы – 3,

Қарқаралы ауданы – 3, Шет ауданы – 7, Нұра ауданы – 3, Қарағанды қаласы – 1, Балқаш қаласы – 3).

Есепті кезеңде Абай ауданы Көксу ауылдық округінде ветеринариялық пункт салынып, пайдалануға берілді.

Ветеринария қызметін материалдық-техникалық тұрғыдан жабдықтау үшін 30 млн теңгеге ірі қара малды туберкулинзациялауға арналған 74 «Овод» инесіз инъекторлары және температуралық режимді сақтауға, түрлі биопрепараттарды уақытша сақтау үшін оның ішінде антиденелер белсенділігінің жоғалуын болдырмау мақсатында қанды жаппай алу кезінде ветеринариялық зертханаларға жеткізілетін қан сынама-ларының қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін 60 фармацевтикалық тоназдықтар алынды.

Сонымен қатар, 120 млн теңгеге 12 автокөлік (1 бірлік «Jas» маркалы «Пикап», 1 бірлік кроссовер «NAVAL» және 10 бірлік «НИВА» автокөлігі) сатып алынды.

Бұдан басқа, басқарманың құзыретіне мемлекеттік қызметтер көрсету кіреді. Өткен жылы барлығы 57 536 қызмет көрсетілді, оның 51 229-ы ветеринариялық анықтама беру, 6 195-і ветеринариялық паспорт беру, 109-ы ауыл шаруашылығы жануарлары туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету), 3-і ветеринария саласындағы қызметпен айналысуға арналған лицензия берілді. Бекітілген жоспарға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және қамтамасыз ету мақсатында барлық аудандық және қалалық ветеринариялық станциялар ішкі бақылаумен қамтылды.

ҚР «Жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы» Заңы аясында іс-шараларды жүзеге асыру үшін 162,1 млн теңге бөлінді. Ашық жарияланған конкурстардың қорытындысы бойынша қызмет ұсынушылармен келісімшарттар жасалды. Қаңғыбас иттер мен мысықтардың санын реттеу бойынша жұмыс «аулау – стерилизациялау – вакцинациялау – шығару» (АСВИ) қағидаты бойынша жүргізілді. Нәтижесінде барлығы 3 405 қаңғыбас ит және мысық ауланды, олардың 2 815-і вакцинация, стерилизация, бірдейлендіру шаралары жүргізілгеннен кейін, бұрынғы мекендеу орындарына шығарылды.

Қолданыстағы Ережелерге сәйкес, үй жануарларын есепке алу жұмыстары жүргізілуде. Осыған байланысты, жануарларды қорғау ұйымдарының басшыларына, сондай-ақ ветеринария саласында

емдеу-профилактикалық кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын субъектілерге, есепке алудың «ITCOR-KZ» ақпараттық жүйесі пайдалануға берілді. Иелері халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын 1 282 ит, мысықтарға тегін бірдейлендірілу жүргізілді.

Биыл басқарма облыс аумағында эпизоотиялық салауаттылықты қамтамасыз ету, эпизоотияға қарсы, диагностикалық іс-шараларды уақытылы жүргізуді ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі жұмысты жалғастырады. Бірақ, мемлекеттік мекеменің неғұрлым сапалы жұмысы үшін бірқатар проблемаларды шешу қажет, оның ішінде, жергілікті атқарушы органдардың ветеринариялық ұйымдарын материалдық-техникалық мамандарға жүктеме нормативтерінің болмауы және тағы басқа мәселелер бар.

Ветеринариялық дәрігері – күрделі мамандық және жастар үшін тартымды емес, жалақыны көтеру бойынша қабылданған бірқатар шараларға қарамастан, білікті мамандар тапшылығы мәселесі бар. Қазіргі кезде 49 маман қажет, оның ішінде 33-і жоғары білімді маман.

Басқарма тарапынан салалық заңнамаларға сәйкес, халық арасында коммуникациялық байланыстар арқылы (Facebook, Instagram, сайт және т.б.), ветеринария саласына қатысты мәселелер бойынша тұрақты түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіліп отыр.

Жалпы, облыста эпизоотиялық жағдай тұрақты, өңірде ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында жүргізілетін іс-шаралардың халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға алатын орны өте зор, сол себепті тек ветеринариялық дәрігерлердің ғана емес, тікелей мал иелерінің жауапкершілігі деп санаймын.


Төрт түлікпен біте қайнасып өмір сүріп, күнделікті олардың етін, сүтін, тағы басқа шикізаттарын қажеттілігімізге пайдаланғандықтан, малдың кеселі өзіміздің денсаулығымызға да кесірін тигізугі мүмкін. Академик К.Скрябиннің «Медицина адамды емдейді, ал ветеринария бүкіл адамзатты сақтайды» деген қанатты сөзінен кейінгі ветеринария саласына немқұрайлы қарауға болмайтын, өте жауапты сала екендігін атап өткім келеді.

Амандық ЖАКЕТАЕВ,
Қарағанды облыстық ветеринария басқармасының басшысы

• ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Қауіпсіздікті қалт жібермейді

Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылы қауіпсіз ауылға айналып келеді. Биылдың өзінде 25 бейнебақылау камерасы орнатылған. Камераның басым бөлігі аудан орталығының негізгі көшелерінде, сондай-ақ, елді мекенге кіреберістерде және адамдар көп жиналатын жерлерде орналасқан.



Нұрлыс КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бейнебақылау жүйелері бүгінгі таңда ең тиімді техникалық құрал болып отыр. Бейнебақылау қауіпсіздікті нығайтуға кең мүмкіндіктер береді. Ақсу-Аюлы ауылының әкімі Дархан Смаиловтың айтуынша, қондырылған құрылғылар заманауи функциялармен жабдықталған.

– Мұндай жүйелер оқиғаларға жедел ден қоюға, қылмыстың алдын алуға және тұрғындарға неғұрлым қауіпсіз жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, камералар халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыруға көмектеседі. Бақылау камераларымен орталықты толықтай қамту жоспарлануда, – деді Дархан Смаилов.

Шет ауданы

Сурет аудан әкімдігінің сайтынан

ХАБАРЛАМА

«Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ төменде көрсетілген денсаулық сақтау ұйымдарына байқау кеңесінің мүшелігіне бос лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурс өткізу күні: 27.02.2025 жыл.

Конкурс өткізу орны: «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 2 үй, 4 қабат, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Пригородная көшесі, 1 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Облыстық жедел медициналық көмек станциясы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 56-38-87. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

2. Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Шахтерлер даңғылы, 81 құрылыс мекенжайы бойынша орналасқан «Облыстық қан орталығы» КМК байланыс телефоны 8(7212) 50-79-09. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

3. Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Абай көшесі, 53/3 құрылыс мекенжайы бойынша орналасқан «Теміртау қаласының № 2 емханасы» КМК байланыс телефоны 8(7213) 44-77-29. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 1 бос орын.

4. Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Транспортная көшесі, 19 мекенжайы бойынша орналасқан «Приозерск қаласының ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(71039) 5-31-83. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

5. Қарағанды облысы, Абай ауданы, Топар кенті, Гиппократ көшесі, 1 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Абай ауданының аудандық ауруханасы» ШЖК КМК

байланыс телефоны 8(72153) 3-14-48. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

6. Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Нұра кенті, Сүлейменовтер көшесі, 2 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Нұра ауданының аудандық ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(72144) 2-25-66. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

7. Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Жаппаков көшесі, 23 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Шет ауданының аудандық ауруханасы» ШЖК КМК байланыс телефоны 8(71031) 2-13-57. Кәсіпорынның қызметі – медициналық көмек көрсету. 3 бос орын.

Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңестеріне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімінің, сондай-ақ мынадай талаптардың біріні болуын қамтиды:

– денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде үш жыл жұмыс тәжірибесінің;

– денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам заңды тұлғаның басшысы болған; – бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған; – байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы тұлға.

Құжаттар «Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ № 14 кабинетке баспасөз басшыларында хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн мерзімде ұсынылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білім туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) ұсына алады.

Құжаттарды қабылдау күні 28.01.2025 жылдан бастап.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» объявляет конкурс на занятие вакантной должности в члены наблюдательного совета в нижеперечисленные организации здравоохранения.

Дата проведения конкурса: 27.02.2025 года.

Место проведения конкурса: ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области», город Караганда, улица Алиханова, дом 2, 4 этаж, конференц-зал, телефон 8(7212) 559784.

1. В КТП «Областная станция скорой медицинской помощи» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, улица Пригородная, дом 1, контактный телефон 8(7212) 56-38-87. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

2. В КТП «Областной центр крови» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Караганда, проспект Шахтеров, строение 81, контактный телефон 8(7212) 50-79-09. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

3. В КТП «Поликлиника № 2 города Темиртау» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Темиртау, улица Абая, строение 53/3, контактный телефон 8(7213) 44-77-29. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 1 вакантное место.

4. В КТП на ПХВ «Больница города Приозерск» расположенное по адресу: Карагандинская область, город Приозерск, улица Транспортная, 19 контактный телефон 8(71039) 5-22-18. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

5. В КТП на ПХВ «Районная больница Абайского района» расположенное по адресу: Карагандинская область, Абайский район, поселок Топар, улица Гиппократ,

дом 1 контактный телефон 8(72153) 3-14-48. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

6. В КТП на ПХВ «Районная больница Нуринаского района» расположенное по адресу: Карагандинская область, Нуринаский район, поселок Нура, улица Сулейменовых, дом 2 контактный телефон 8(72144) 2-25-66. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

7. В КТП на ПХВ «Районная больница Шетского района» расположенное по адресу: Карагандинская область, Шетский район, село Ақсу-Аюлы, улица Жаппакова, дом 23 контактный телефон 8(71031) 2-13-57. Деятельность предприятия – оказание медицинской помощи. 3 вакантных места.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательные советы в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее пяти лет;
- наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее трех лет;
- членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

В качестве члена наблюдательного совета не может быть избрано лицо:

- имеющее непогашенную или неснятую судимость;
- являющееся руководителем юридического лица более одного года до принятия решения о при-

знании данного юридического лица банкротом;

– ранее совершившее коррупционное правонарушение;

– находящееся в отношении близкого родства и свойства с другим членом наблюдательного совета или руководителем государственного предприятия.

Документы предоставляются в ГУ «Управление здравоохранения Карагандинской области» в кабинет № 14, в течении тридцати календарных дней со дня опубликования объявления в периодических печатных изданиях.

Необходимые для участия в конкурсе документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на государственном и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Трудового кодекса Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может предоставить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Дата приема документов с 28.01.2025 года.

• ИЛИАС ЕСЕНБЕРЛИННИҢ ТУҒАНЫНА – 110 ЖЫЛ

Тарих тамыршысына тағзым

Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылы және жазушы, Ұлы Отан соғысына қатысушы Илияс Есенберлиннің туғанына – 110 жыл. Осы мақсатта Қарағандыдағы Ж.Бектұров атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасында «Халық жүрегіндегі қаламгер» әдеби кеші өтті. Қарағанды қалалық ардагерлер кеңесімен бірлесіп өткен шараға Қарағанды медицина университетінің «Күретамыр» тарихи-өлкетану үйірмесінің студенттері мен мектеп оқушылары қатысты.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Қонақтарға кітапхана қорында сақталған құнды жәдігерлер таныстырылды. Әрі жазушы туралы кеңінен айтылды. Сонымен қатар, жазушының өмірі мен шығармашылығы жайында әзірленген қор мұрағатынан алынған бейнематериал көрсетілді. Қарағанды медицина университетінің Қазақстан тарихы және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының ассистент-профессоры Кәмшат Абдрахманова өз сөзінде жазушының ерлігін баса айтты.

– Илияс Есенберлин – халық жазушысы. Ұлттың тарихын жазған алғашқы жанның бірі. Біз тәуелсіздігімізді қалпына келтіргенімізге 30 жылдан астам уақыт болды. Тәуелсіздікті оңайлықпен алған

жөкпез. Ол заманда Тәуелсіздікті қалпына келтіру жолында қазақ халқы қанша қиындық көрді. Сол заманда Илияс Есенберлин қатаң цензураға, авторитарлық, тоталитарлық жүйеге қарамастан ел тарихын жазып кетті. Сол заманда ұлттың тарихын жазған алғашқы жазушы Илияс Есенберлин еді. Енді Тәуелсіздік үшін қазақ халқына отансүйгіш, ұлтжанды, тарихын білетін ұрпақ қажет. Осы іс-шара да арнайы жастар үшін ұйымдастырылып отыр, – деді ол.

Тарихқа көз жүгіртсек, жазушы Жайық Бектұров Илияс Есенберлинмен шығармашылық байланыста болған. Оған бір дәлел, жазушының Илияс Есенберлин

жайында жазған «Парасат кемелі», «Өткенге саяхат», «Книга о высоком долге» мақалалары. Осындай құнды жазбалар бүгінде облыстық кітапханада сақтаулы. Құнды жазбаларды кітапхананың «Сирек кітаптар мен қолжазбалар және музей жәдігерлері» бөлімінің кітапханашысы Жанат Шпанова таныстырып өтті.

– Қазақ халқының аса көрнекті жазушысы Илияс Есенберлиннің тарихи романдары Қазақстанның қазір өз алдына дербес мемлекет болуының рухани тірегі десек, артық айтқанымыз емес. Тарихымызды үзіп-жұлып, көбіне шет аймақтың саяхатшылары жазып жүрді. Ал, шын мәнінде, қазақ халқының ғасырлар бойғы өмірін саралап, бейнелеп берген – Илияс Есенберлин еді. Біздің бөлімде Илияс Есенберлин жайлы жазылған деректер сақтаулы. Сонау жылдары жазылған дүние болған соң ескірген. Бірақ, біз бұл жазбаларды қайта сүйсініп келтірдік. Одан бөлек, жазушы жайында жазылған түрлі газет-журналдар да бар. Бұл – біз үшін, ел үшін құнды жәдігер, – деді ол.

Қарағанды қаласының ардагерлер кеңесінің төрағасы Өзбек Бимендин жазушы шығармаларының күні бүгінге дейін өзектілігін жоймағандығын баса айтты.

– Илияс Есенберлин – ел тарихындағы тарихи роман жазған алғашқы жазушы. Осы тарихи романның келешек жастар үшін тәрбиелік маңызы зор. Жастарымызға елге деген сүйсінілікті сезімін, Отанға деген махаббатты, тарихын бойына сіңіріп өсуі үшін осындай құнды дүниені керек. Мұндай кездесулерді жастарға үнемі өткізіп тұру жоспарда бар, – деді ардагер.

Суреттерді түсірген автор

• ХОККЕЙ

«Сарыарқаны» сан соқтырды

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы сырт алаңда елордалық «Nomad Astana» клубымен кездесті. Алғашқы кездесуде жерлестер 2:0, екінші ойында 6:3 есебімен жеңілді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Қос команда арасында өткен алғашқы ойында жерлестер 9-шы минутында шайба жіберіп алды. Шайба авторы – елордалық клубтың шабуылшысы Саян Данияр. 17-ші минутта да алаң қожайындары есепті еселеп кетті. Бұл жолы шайба салған – Вячеслав Колесников.

Екінші және үшінші айналымда таблодағы есеп өзгермеді. Бірақ, қос команда тарапынан соққы да, қысым да күшейді. Десе де, екі команда да есепті өзгерте алмады.

Екінші кездесу де жеңіс елордалықтардың еншісінде қалды. Бұл жолы қарағандылықтар алғашқы болып есеп ашты. Ойынның алғашқы айналымы аяқталар тұста шабуылшы Никита Баженов командасын алға шығарды.

Алайда, 24-ші минутта алаң иелері сапынан қорғаушы Глеб Лукавенко таразы басын теңестірді. Алғашқы ойындағыдай емес, жерлестер тарапынан шабуыл үдеп, соңы нәтижемен аяқталды. 28-ші минутта қарағандылықтар сапынан Виталий Шульга есепті 1:2-ге жеткізді.

31-ші минутта алаң иелері таразы басын теңестіріп, екінші айналымды тең аяқтады. Шайба авторы – Саян Данияр.

Үшінші айналымда алаң иелері күшейе түсті. 41-ші минутта – Саян Данияр, 46-шы минутта – Руслан Османов, 47-ші минутта – Раты Дурглишвили есепті 5:2-ге жеткізді. Жерлестер 52-ші минутта бір шайба салып, есеп алшақтығын қысқартқанымен, алаң иелері 57-ші минутта тағы бір шайба салып кетті. Жалпы есеп – 6:3.

Жерлестер қазіргі таңда турнирлік кестеде 48 ұпаймен IV орында.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• БАСКЕТБОЛ

Үздіктер анықталды

Қаңтар айының үшінші сенбісінде Осакаровка кентінің Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде Кеңес Одағы әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күннің құрметіне орай баскетболдан аудандық жарыс ұйымдастырылды.

Тартысты өткен бәсекеңің нәтижесінде кенттің шебер ойыншылары жеңімпаз атанса, екінші жүлдеге Қарағайлы ауылының спортшылары ие болды. Үшінші орынға Пионер ауылының өкілдері орнықты.

Төрешілер алқасы жарыстың «Үздік шабуылшы» мәртебесін Есболат Марғұлғанға берсе, «Үздік ойыншы» – Бірлік Арманбек және «Үздік қорғаушы» аталымына Балапан Қуанышты лайық деп тапты.

Өз тілшімізден

• БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Егіндібулақ қыздары ерледі

Осыдан екі-үш жыл бұрын Қарқаралы ауданының Егіндібулақ ауылында спорт-сауықтыру кешені салынып, тұрғындардың игілігіне айналған болатын.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастар, мектеп жасындағы балалар спорттың әр түрінен ұйымдастырылатын секцияларда жаттығып, ауыл спорты дамып, бұқаралық сипат алуына үлес қосуда.

Өткен аптаның жұмасында Ақжол ауылында волейболдан аудандық жарыс өтті. Оған 2008-2011 жылдары туған қыз балалар тартылған еді. Бұл бәсекеге өңірдің әр округінен 12 команда қатысты. Тартысты өткен жарыстың қорытындысы бойынша Егіндібулақ ауылының жас спортшы қыздары қарсыластарын тегіс жеңіп, бірінші орынға ие болды.

• ЖӘДІГЕР

Сыйға тартылған саптама етік

Саптама етік – қонышы былғары, тізені жауып тұратындай ұзын, әрі кең, табаны қалың сіріден тігілетін қазақтың ұлттық аяқ киімі. Оны әдетте жылы матаман астарланған киіз байпақпен киеді. Қыстың аязды күндері ат үстінде жүрген адамның аяғы тоңбайды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қыста мал бағатын шаруалар мен аңшылар үшін қолайлы осындай саптама етіктің бір парып Нұра ауданының тарихи-өлкетану музейі қорында сақталған көне және құнды жәдігерлер қатарынан көруге болады. Оны шебер етікші, II Дүниежүзілік соғыстың ардагері, Кертінді ауылының тумасы Пышенбай Сыздықов қарияның ұрпақтары сыйға тартқан екен.

– Бұл саптама етік қос ұлтанды, өкшесі аласа, қонышы тізені жауып тұрарлықтай биік, әрі кең етіп тігілген. Ал, басының ойындысын қонышының ойындысына дәл келтіріп, тігісін ішіне қаратып, қос

тарамыспен көмкеріпті. Етік жылы, әрі берік болуы үшін тігістің арасына жіңішке былғары таспалар салынған. Табанынан суық өтпес үшін ішкі ұлтан мен сыртқы ұлтан ағаш шегелермен бекітілген. Ұлтаны қопарылмау үшін етіктің үзегілігіне дейінгі бөлігіне шеге екі қатар қағылып, үзегілігінің тұсынан бастап, өкшесіне дейін бір-ақ қатар қағылған. Етіктің ішінде киіз байпағы бар. Табанының өлшемі – 44, биіктігі – 60 сантиметр. Сапалы тігілген бұйым өте жақсы сақталған, – дейді Нұра ауданының тарихи-өлкетану музейінің қор сақтаушысы Анаргүл Нақыпова.

СУРЕТТЕ: Нұра ауданының тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұрған саптама етік



• БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ

Бөбектерге арналған арна

«Тарихымызды, мәдениетімізді дәріптейміз, ұлттық рухты көтереміз» деп, не түрлі шаралар ұйымдастырамыз. Бірақ, балалар назардан тыс қалып жатқандай. Бұны ақын Эльмира Сайлауқызы мен ақын Салтанат Қайырбектің Кеншілер мәдениет сарайында өткен «Беу, туған жер!» атты танымдық мерекелік шарасында аңдағандай болды.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қос ақын балалар үшін айтарлықтай жұмыс атқарыпты. Мәселен, шарада «Бөбегім-ай» ютуб арнасының тұсауы кесілді. Ютуб арнасында балаларға арналған контенттер жарияланбақ. Авторы – Салтанат Қайырбек. Ютуб арнасын ашу идеясының қалай туғанын айтып берді.

– Былтыр Бегім есімді қызымды дүниеге әкелдім. Ол әйгілі мультфильмдердің саундтректерін тыңдағанды ұнататын. Содан кейін қызым ұнатқан әуендерді дом-



бырамен сүйемелдей бастадым. Астанадағы кәсіби студияларға барып, «Бакытты отбасы», «Қамсыз балалық шақ» тақырыптарында әуендер жаздырдым. Мүмкіндігім жеткенше анимациясын да әзір-

ледім. Балаларға арналған риторикалық өлеңдерім де материалдарды толықтырды. Бір сөзбен айтқанда, балаларым сапалы, қазақша контент көруі үшін еңбектендім. Атқарған жұмысымды Эльмира

Сайлауқызына көрсеткенде, жұмысты елге көрсету керек екенін айтты. Облыстық мәдениет, құжаттама және архивтер басқармасы қолдау көрсетті, – деді Салтанат Қайырбек.

«Беу, туған жер!» кітапшасына балаларға арналған өлеңдер мен әңгімелер енгізілген. Кітапша екі бөлімнен тұрады. Біріншісі – «Беу, туған жер!», екіншісі – «Табиғат тамашасы». Екінші бөлімге Эльмира Сайлауқызының өлеңдері топтасқан. Сонымен қатар, «Бұл – біздің жаңу!» атты боямақ та бүлдіршіндерге жол тартты. Баланың қиялын самғататын, отбасы құндылығын дәріптейтін түрлі суреттер салыныпты.

Эльмира Сайлауқызы келешекте балаларға арналған осындай дүниелер мольнан жарық көру керек деп есептейді.

– Бұл – балаларға базарлық. Алар асуымыз әлі алда! Мәртебелі мен ақпарат заманында келешек ұрпақ сапалы, ұлттық танымдағы дүниелерді тамашалау үшін баршамыз еңбек етуіміз керек, – деді Эльмира Сайлауқызы.

Сурет ұйымдастырушылардан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӨБІЛДА

Директордың орынбасары
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҰСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
І.Д. МҰҚАЙ

Жауапты хатшы
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,
Осакаровка: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда

№ КЗ18ВР00030163 күнелі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88

телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZХХ БИН 000840001412

Таралымы 4 638

№10 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды к., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ